

**6D110200- «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған докторант  
Жақсылық Әлихан Алтынханұлының «Денсаулық сақтау саласындағы  
ғылыми жарияланымдар ретракциясы: проблемаларды талдау және  
оларды шешу жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының  
АҢДАТПАСЫ**

**Зерттеудің өзектілігі**

Ғылыми зерттеулер процесінде гипотезаны тұжырымдауды, эксперименттер жүргізуді, оларды құжаттауды және нәтижелерді талдауды қамтитын қатаң әдістеме қажет. Алайда, зерттеудің барлық кезеңдері сақталса да, жарияланған мақалаларда дәлсіздіктер мен қателіктер табылуы мүмкін [Rahman H., Ankie S., 2020]. Оқырмандардың адасуына жол бермеу және ғылыми басылымның этикасын қамтамасыз ету үшін ретракция әдісі қолданылады [Kleinert S., 2009]. Бұл процесс жарияланған материалдардағы этикалық стандарттардың елеулі бұзушылықтары туралы хабарлайды, олар авторлардың байқаусызда қателіктерінен де, ғылыми принциптерді түсінбеуінен де туындауы мүмкін [Decullier E., Maisonneuve H., 2018]. Авторлар да, журналдың редакциясы, баспагер немесе қоғамның сұранысы да ретракцияға бастамашыл болуы мүмкін. Медициналық саладағы ретракция мәселелеріне назар аудару ретракция деректерін үздіксіз бақылау мен талдаудың маңыздылығын көрсетеді. Медициналық басылымдардағы қате тұжырымдар мен бұзушылықтар дұрыс емес тәжірибеге және қолайсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін [Gupta L., Gasparyan A. Y., 2020]. Қазақстанды қоса алғанда, әртүрлі елдердегі ретракцияның себептерін түсіну ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру және ғылыми жарияланымның әдептілігін қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие.

Осылайша, ғылыми жарияланымдардың ретракциясы тақырыбы денсаулық сақтау ғылымы мен практикасының тұрақты дамуы аясында өте өзекті болып қала береді. Денсаулық сақтау саласындағы қарқынды прогресс өзекті және сенімді зерттеулерге негізделген білім мен әдістерді үнемі жаңартып отыру қажеттілігін тудырады. Алайда, ғылыми жарияланымдардың этикасы мен сапасын бақылаудың жеткіліксіздігі ғылыми қоғамдастық үшін де, практикалық денсаулық сақтау үшін де ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Уақыт өте келе, кері қайтарылған басылымдардың саны артып келеді, бірақ бұл тенденцияның себептері әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Мәселенің өзектілігін ескере отырып, бұл зерттеу Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдардың ретракция себептеріне кешенді талдау жүргізуге және мұндай жағдайлардың алдын алу үшін ұсыныстар әзірлеуге арналды.

**Зерттеудің мақсаты**

Денсаулық сақтау саласындағы ретракцияланған ғылыми жарияланымдардың мәселелеріне кешенді талдау жүргізу және оларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу

### **Зерттеудің міндеттері:**

1. Денсаулық сақтау саласындағы этиканың бұзылуына байланысты ғылыми жарияланымдардың ретракциясына жаһандық талдау жүргізу;
2. Қазақстанда ретракцияланған ғылыми жарияланымдарға салыстырмалы сипаттама беру;
3. Денсаулық сақтау саласындағы зерттеу және баспа этикасын бұзудың негізгі себептерін талдау;
4. Денсаулық сақтау саласындағы сенімді және этикалық ғылыми ақпаратты тарату контекстінде әлеуметтік медианың сапасын бағалау (YouTube арнасының мысалында);
5. Денсаулық сақтауда саласында академиялық деңгейде экожүйенің этикасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері:**

#### *Зерттеу материалдары:*

Мәліметтер Retraction Watch, SJR, Altmetric (AAS), MEDLINE, PubMed, Scopus, Web of Science, Қол жетімді ашық журналдар тізімдемесінен (DOAJ) және Әлеуметтік медиа платформалар алынды.

#### *Зерттеу әдістері:*

- Ақпараттық-талдау (әлем бойынша 177, ҚР барлық мамандық бойынша 92, соның ішінде денсаулық сақтау бойынша 13 жарияланым) және библиографиялық талдау (160 мақала);
- Көлденең сипаттамалық талдау (92 қайтарып алынған басылымдар) ;
- Ретракцияланған жарияланымдарды санаттарға бөлу әдісі (10 санат бойынша);
- Іздеу зерттеулері (137 бейнеролик);
- Бейнелер сапасы мен сенімділігін бағалау әдісі (Жаһандық сапа шкаласы (GQS) және DISCERN құралы);
- Статистикалық әдістер (Microsoft Excel сан түрінде (n), пайыз (%) және медиана (минимум-максимум), Statistical Package for the Social Sciences версиясы 20.0 (SPSS Inc., Чикаго, Иллинойс, АҚШ)).

### **Зерттеу нысаны**

Зерттеу нысаны ретракцияланған ғылыми жарияланымдар және денсаулық сақтау саласындағы YouTube бейнелері болып табылады.

### **Зерттеу пәні**

Зерттеу пәні болып, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдарды ретракциялау процестері мен механизмдері, сондай-ақ ғылыми жұмыстарды ретракциялау қажеттілігіне әкелетін этикалық бұзушылықтар саналады. Ғылыми тұтастық деңгейіне және жарияланымдар сапасына әсер ететін әлеуметтік және институционалдық факторларды зерттеуді қоса алғанда, халықаралық стандарттар контекстінде қазақстандық тәжірибені талдауға ерекше назар аударылады.

### **Қорғауға ұсынылған ережелер:**

- Ғылыми ұйымдар тарапынан денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдардың ретракцияларының себептерін кешенді талдау және күшейтілген бақылау, талап ететін негізгі ғылыми этикалық бұзушылықтарды анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстандық жарияланымдардың редакцияларында зерттеу этикасының халықаралық стандарттарын сақтаудың жетіспеушілігі байқалады, бұл ғылыми зерттеулердің әдіснамаларын жетілдіру және зерттеушілердің құзыреттілік деңгейін арттыру қажеттігін негіздейді.

Ғылыми зерттеулердің этикалық стандарттарын жетілдіру бойынша әзірленген ұсынымдар қазақстандық ғалымдардың халықаралық ғылыми аренадағы беделін нығайтуға, ретракцияны едәуір төмендетуге және ғылыми жарияланымдардың сапасын жақсартуға ықпал етеді..

### **Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу нәтижелері мақалалардың сериясы ретінде ұсынылған:

1. «Analysis of Retracted Publications in Medical Literature Due to Ethical Violations» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша Q1; үшінші автор);

2. «Characteristics of Retracted Publications From Kazakhstan: An Analysis Using the Retraction Watch Database» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша Q1; екінші автор);

3. «Research Integrity: Where We Are and Where We Are Heading» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша Q1; бірінші автор);

4. «YouTube as a Source of Information on Public Health Ethics» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша Q1; бірінші автор);

5. «Анализ базы данных Retraction Watch по ретрагированным медицинским статьям из Казахстана» («Journal of Health Development», Қазақстан Республикасы; журнал ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміне кіреді; бірінші автор).

Зерттеудің бесінші міндеті денсаулық сақтаудағы академиялық деңгейде ретракцияның алдын алу мақсатында «Ретракцияларға әкелетін этикалық нормалардың бұзылу себептерін талдау. Ғылыми зерттеулердің этикасын жақсарту бойынша ұсынымдар» атты әдістемелік ұсынымдар әзірлеу арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының ғалымдары мен жоғары оқу орындарының ғылыми-тәжірибелік қызметінде аталған зерттеу нәтижелерін белсенді түрде пайдалануды ұсынатын хат (енгізу акті) алынған.

### **Зерттеудің теориялық маңызы**

Зерттеудің теориялық маңыздылығы ғылыми жарияланымдардағы этика мәселелерін және олардың ретракцияларын жүйелі түрде қарастыру, сондай-ақ зерттеу практикасы мен академиялық мекемелер деңгейінде этикалық стандарттарды жақсартудың жаңа тәсілдерін ұсыну болып табылады. Алынған нәтижелер ғылыми саладағы этикалық бұзушылықтардың басты себептерін түсінуді тереңдетеді және ғылыми этиканың дамуына және ғылыми жарияланымдардың сапасын басқаруға ықпал етеді.

### **Зерттеудің практикалық маңызы**

Зерттеудің практикалық маңыздылығы денсаулық сақтау саласындағы этикалық стандарттар мен ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленді. Алынған нәтижелерді ғылыми мекемелер, ЖОО және ғалымдар ретракцияны алдын алу үшін пайдалана алады, бұл қазақстандық ғалымдардың халықаралық аренадағы зерттеулеріне сенім деңгейін арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, зерттеу этикалық бұзушылықтардың ықтималдығын азайтуға және академиялық ортадағы ғылыми адалдықтың жалпы деңгейін жақсартуға көмектесетін ғылыми жарияланымдар үшін тиімді ішкі сапаны бақылау жүйелерін құру үшін негіз бола алады.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- Дүниежүзілік тәжірибеде алғаш рет этикалық нормалардың бұзылуына байланысты денсаулық сақтау саласындағы ретракцияланған жарияланымдарға жүйелі талдау жүргізілді.

- Алғаш рет «Retraction Watch» деректер базасы негізінде барлық мамандықтар және денсаулық сақтау саласы бойынша қазақстандық авторлардың жарияланымдарының ретракциясына кешенді талдау жүргізілді.

- Әлеуметтік медиа платформаларына денсаулық сақтау этикасы мәселелері бойынша ақпарат көзі ретіндегі рөліне және олар ұсынған деректердің сенімділік дәрежесіне бағалау жүргізілді.

- Алғаш рет этикалық нормаларды бұзудың ретракцияға әкеліп соқтыратын себептерін алдын алу бойынша және зерттеушілер үшін этикалық бұзушылық әрекеттерге және олардан туындауы мүмкін теріс салдарға қарсы тұруда аса маңызды ғылыми зерттеулердің этикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленді.

### **Докторанттың жеке үлесі**

Докторант ғылыми жарияланымдар ретракциясы мәселесі туралы «Retraction Watch» дерекқорын қоса алғанда, қазіргі заманғы мәліметтер базасына әдеби шолу жасады. Автор сонымен қатар алынған нәтижелерге талдау жүргізіп, зерттеу нәтижелері мен тиісті қорытындылар жасады. Ғылыми кеңесшілерімен бірлесе отырып, диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша бірқатар жарияланымдар жазылды және жарияланды, бес басылымның үшеуінде докторант бірінші автор болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып,

академиялық деңгейде ретракциялардың алдын алу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

### **Тұжырымдамалар**

1. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдар ретракциясын жаһандық талдауы ретракция саны бойынша алғашқы 3 елді көрсетті: Қытай (26,5%), АҚШ (14,1%), Оңтүстік Корея (12,9%). Иммунология (15,2%), неврология (12,9%) және онкология (11,8%) пәндері бойынша ретракция көптігі анықталды.

2. Қазақстаннан ретракцияланған ғылыми мақалалар саны 2017 жылы өсе бастады. ҚР-дағы ғылыми жарияланымдар ретракциясын салыстырмалы талдауда бірлескен авторлардың ең көп саны РФ-мен екенін көрсетті, бұл барлық жарияланымдар санының 26%-ын құрады. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласындағы ретракция саны барлық сала бойынша ретракция санының 10,07%-ын құрады. Қайтару уақыты жаһандық мәннен 2,65 есе аз, бұл қазақстандық мақалалардың аса мұқият тексерілуін көрсетеді, және зерттеу жұмысының өзектілігін арттырады.

3. Зерттеу этикасын бұзудың негізгі себептерін талдау барысында дүниежүзі бойынша жарияланымдардың ретракциясының басты себептері, яғни «этикалық мақұлдау мәселелері» - 65, «күмәнді деректер» - 51, «ақпараттандырылған келісім мәселелері» - 45 мақалаларда көрініс тапты. Ал Қазақстан Республикасының барлық мамандықтары бойынша «жалған рецензия» - 38, «плагиат» - 25, «қайталау» - 14 жарияланымдарда, оның ішінде денсаулық сақтау бағыты бойынша «журнал тарапынан тексеру» - 7, «авторлық мәселелер және келіспеушіліктер» - 7, «Жалған рецензия» - 6 жарияланымдарда анықталды.

4. YouTube арнасының мысалындағы әлеуметтік желілерді талдау әлеуметтік желілердегі материалдардың сапасын бақылау денсаулық сақтау саласындағы сенімді және этикалық ақпаратты қамтамасыз етудің негізі болып табылатынын және мемлекеттік ұйымдар мен академиялық мекемелер ұсынатын материалдарға көбірек көңіл бөлу керектігін көрсетті.

5. Ғалымдарға және институционалдық деңгейде денсаулық сақтаудағы экожүйенің этикасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді. (әдістемелік ұсынымдар, авторлық куәліктер, енгізу актілері)

### **Зерттеу нәтижелерінің апробациясы**

Докторанттың жұмысының негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету: жағдайы және даму перспективалары» форумында (29 қаңтар, 2024 ж., Астана) және Н. Назарбаев қоры жанындағы Ғылым жөніндегі кеңесі және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ ұйымдастырған «Биология, медицина және фармацевцияның даму перспективалары» атты жас ғалымдар мен студенттердің X халықаралық ғылыми конференциясында (7-8 желтоқсан 2023 ж., Шымкент) баяндалды.

## **Жарияланымдар**

Диссертациялық жұмыс материалдары 8 ғылыми және әдістемелік жұмыста жарияланған, оның ішінде 3 мақала және 1 шолу Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған (мақаланың екеуінде докторант бірінші автор), 1 мақала ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда жарияланған, 2 жарияланым халықаралық конференция мен форумда жарияланған және 1 әдістемелік нұсқаулық «Ретракцияларға әкелетін этикалық нормалардың бұзылу себептерін талдау. Ғылыми зерттеулердің этикасын жетілдіру бойынша ұсынымдар» тақырыбында әзірленген.